Қысқы мерзімді сабақ жоспары

Бөлімі:	**Мәтін, графика және презентация (ортақ тақырыбы: «Демалыс мәдениеті. Мерекелер»)**
Педагогтің аты-жөні:	Купбаева Д К
Күні:	13.05.2025-22.05.2025
Сыныбы: 3 «А В К»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Жобамен таныстыру**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	3.2.3.1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым таныстырылымдар жасау; 3.2.3.3 Таныстырылымды безендіру үшін дайын жобаны пайдалану; 3.2.3.2 слайдтар арасында ауысуды қолдану;
Сабақтың мақсаты:	● Жобаны дайындау кезінде туындайтын сұрақтармен танысады. ● Жоба дайындау кезеңдерін практикалық тұрғыдан үйренеді. ● Слайдтар арасында ауысуды қолданып, таныстырылым жасайды.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1-7 мин.	***Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу*** **І. Қызығушылықты ояту: «Ассоциативті қатар» ойыны** Мұғалім тақтаға бір сөз немесе сабақтың тақырыбын жазады. Оқушыларға бір бетке тақтаға жазылған сөзден пайда болған пікірлерін жазуды ұсынады. Сабақ тақырыбына қатысты ассоциация-сөздерді бір қатарға жазып шығу керек. Оқушылар сөздерді оқып, артық деп санаған сөздерді алып тастап, сабақ тақырыбын тұжырымдайды. Мысалы: дыбыс, «Дыбыс жазу», программа, өңдеу. Мұғалім парақтарды жинап алып, оқушылармен бірге жазылған ойларды қорытындылайды. Қорытындылау негізінде ойларын жіктейтін логикалық-құрылымды сызба немесе ойларына сәйкес тақырыптың қорытынды бейнесі анықталады (оқушының өз тәжірибесі). Мұндай жұмыстар оқушылар мен мұғалімге ойын жіктеуді ғана емес, өздеріндегі субъекті тәжірибелерін ескере отырып, жаңа тақырыпты жоспарлауға мүмкіндік береді.			
Топтастыру:	**«Тұрғындар мен үй» ойыны** Оқушылардың білім деңгейін ескере отырып, **«Тұрғындар мен үй»** ойынын пайдаланып оқушыларды таңдап алу әдісімен шығара отырып, шыққан оқушылар екеу-екеуден қолдарын көтеріп ұстасып, үйдің шатырын жасайды. Келесі шақырылған оқушы шатырдың астына кіріп тұрғын болады. Сәлден соң мұғалімнің нұсқауымен тұрғын екеу болады. Осылай төрт оқушыдан шағын топтар құралады. ***Мақсаты:*** Белсенді оқу, оқушының мұғалімді мұқият тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту мен оқу әдістерінің бірі болғандықтан, оқу мақсаттарына қол жеткізуде оқушылардың қажеттіліктерін, қабілет деңгейлері мен қызығушылығын ескере отырып топтастыру жоспарланды.			
	Тиімділігі: Топтық жұмыста – ойларын ортаға салып, пікірлесуге, жұптық жұмыста – ақылдасып, келісімге келуге, өзгенің пікірін тыңдап, құрметтеуге; жеке жұмыста – өзіндік пікір қалыптастырып, сын тұрғысынан ойлануына мүмкіндік болады. ***Саралау:*** Оқытудың қажеттілігіне қарай топ құруда саралаудың ***«Жіктеу»*** тәсілі қолданылады.			

(МК, Ұ) Ой қозғау. ***«Миға шабуыл» әдісі.***	Мұғалім төмендегі сұрақтарды оқушыларға қойып, суреттерді интерактивті тақтадан көрсетеді. Оқушылар ұжымдық үлгіде білгендері бойынша өз ойларын айтып, жауап береді.	✔ Дайындаған жобаны қай программамен таныстырар едің? ✔ Таныстырылымды қалай безендіреді? Есіңе түсір. ✔ Жобаны қорғау кезінде слайдтан слайдқа ауысудың қай түрін қолданасың? (Тінтуірмен не уақытпен ауысу.) Себебін түсіндір.	**Қалыптастырушы бағалау** Мұғалім оқушыларды сабаққа қатысу белсенділігі мен сұрақтарға жауап беру деңгейіне қарай *«Менің жұлдызым» әдісі* арқылы бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
Жаңа сабаққа дайындық.	**Мақсаты:** Алдыңғы білім мен жаңа білімді ұштастыру үшін, жетелеуші және түрткі сұрақтарды талқылау. **Тиімділігі:** Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерін еркін айтып, ешқандай сынға ұшырамауы керек, қағазға түсіруге де, ауызша талқылау жұмысын жүргізуге де болады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім интерактивті тақтадан* ***сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырады.***			
Сабақтың ортасы (26 мин)	**І топ: Сенің рөлің: баспа суретшісі** **Тапсырма:** Баспада қазақ халқының ертегілер жинағы дайындалуда. Сол баспаның суретшісі ретінде ертегілер жинағына фотоколлаж дайында.	**Дескриптор** ✔ Берілген тапсырмаға топтық талдау жасайды. ✔ Баспаның суретшісі ретінде ертегілер жинағына фотоколлаж дайындайды.	**Қалыптастырушы бағалау** Топтағы оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай *«Менің жұлдызым»* әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
	Тапсырма Танымал газет «Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай мақала жарияламақшы. Газеттің бас редакторы «Мен Отанымды сүйемін» тақырыбында мақала дайындауды тапсырды.	**Дескриптор** ✔ Берілген тапсырмаға топтық талдау жасайды. ✔ «Мен Отанымды сүйемін» тақырыбында мақала дайындайды.	**Қалыптастырушы бағалау** Топтағы оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай *«Менің жұлдызым»* әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

	III топ: Сенің рөлің: жарнама саласының маман Тапсырма: Оқушы сөмкесін шығарумен айналысатын кәсіпорын тауарларының сатылуы төмендеген.	**Дескриптор** ✔ Берілген тапсырмаға топтық талдау жасайды. ✔ Power-Point программасында жарнама презентациясын дайындайды.	**Қалыптастырушы бағалау** Топтағы оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай *«Менің жұлдызым»* әдісі	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

	Кәсіпорын директоры қызметкерлеріне сатуды арттыру жолын табуды тапсырды. Жарнамалаушы маман ретінде сөмкеге Power-Point программасында жарнама презентациясын дайындауың қажет.		арқылы бір-бірін бағалайды.	
	Жұптық жұмыс Сенің рөлің: программалаушы маман 2-тапсырма Сен ойын программасын шығарумен айналысатын фирманың қызметкерісің. Маман ретінде бастауыш сынып оқушыларына арналған қарапайым ойын жобасын дайындап, көпшілікке ұсын.	**Дескриптор** талдау ✔ Берілген ойын тапсырмаға жұптық жас ✔ Қарапайым жобасын дайындап, көпшілікке ұсынады.	**Қалыптастырушы бағалау** Жұптағы оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай *«Менің жұлдызым»* әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері
	Жеке жұмыс Сенің рөлің: «Жас конструктор» байқауының қатысушысы 3 -тапсырма Жақында өтетін «Жас техник модельдеуші» байқауына мектеп оқушыларының арасында іріктеу жүріп жатыр. Өзің күнделікті қолданып жүрген заттарыңның бірін таңдап, моделін жаса. Үміткер ретінде осы байқауға сурет және мәтіннен тұратын презентацияңды ұсын.	**Дескриптор** ✔ Күнделікті қолданып жүрген заттарының бірін таңдап, моделін салып, жасайды. ✔ Үміткер ретінде осы байқауға сурет пен мәтіннен тұратын таныстырылым ұсынады.	**Қалыптастырушы бағалау** Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу белсенділігі мен тапсырма орындау деңгейіне қарай *«Менің жұлдызым»* әдісімен өзін-өзі бағалайды.	Интерактивті тақта Оқулық Жұмыс дәптерлері

Сергіту: «Ән шырқау» жаттығуы	Оқушы топтарына ел арасында кеңінен таныс әндердің бір шумағы мен қайырмасы жазылған карточкалар таратылып беріледі. Оқушылардың әр тобы тез арада дайындалып, кезекпен карточкаларда келтірілген әндерді бірлесе орындауы керек. Оқушыларға Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғиса Тілендиев секілді танымал композиторлардың әндерін ұсынған орынды («Армандастар», «Атамекен», «Өз елім» т.б.). /Бұл жаттығу оқушыларға психологиялық жағымды көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды/.	
Сабақтың соңы	**III. Ой толғаныс. Рефлексия** **Жеке жұмыс**	**Қалыптастырушы бағалау**

7 мин **Сабақты бекіту. Рефлексия.**	**«Ой-толғаныс» әдісі** Бұл кезеңде күнделікті оқыту үдерісінде оқушы өзіндік толғаныс, дағды-машықтарын ұйымдастыру, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарап, баға беруге үйренеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды салмақтап, салыстырып, түйіндеп өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалармен пікір алмастырады, үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын қорытынды кезең. Әртүрлі шығармашылықпен ой салыстыру болашақта қолданылатын мақсатты әрекеттерге жетелейді. Орындаған жобаңның файлын компьютерде «Менің жобам» деген тақырыпта бума ашып, сақта. Жобаны аяқтағаннан соң, дәптеріңе төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, есебіңді жаз: ❖ Мен таңдаған жобаның тақырыбы ❖ Мен неге бұл тақырыпты таңдадым? ❖ Жаңадан не білдім, не үйрендім? ❖ Керекті ақпараттарды қалай іздеп таптым? ❖ Ақпараттарды қалай сақтадым? ❖ Ақпараттарды қалай тасымалдадым? ❖ Қай нәрсе ұтымды шықты? ❖ Нені орындай алмадым? ❖ Менің жобаны орындаудан алған әсерім қандай? **«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі** Сыныптастарды бағалау үдерісінде оқушылардан екі жұлдыз қоюды, бір тілек айтуды сұраңыз. Екі жұлдыз = жұмыс істеген кезде оларға ерекше ұнаған 2 зат Бір тілек = бұл жақсартуға болатын нәрсе.	Мұғалім белсенділік танытқан оқушыларды **«Менің жұлдызым»** әдісімен бағалайды. Сабақтың соңында оқушылардың қорытынды бағасын шығару мақсатында сабақ бойында жинаған жұлдызшаларын санайды. ***5 жұлдызша – өте жақсы!*** ***4 жұлдызша – жақсы!*** ***3 жұлдызша – талпын!*** **Мақсаты:** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. **Тиімділігі:** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.